

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің мәдени өсімдіктерінің генетикалық ресурстарын сақтау мен пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 2 қазан N 1490

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1999 жылғы 4 маусымда Минск қаласында жасалған ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің мәдени өсімдіктерінің генетикалық ресурстарын сақтау мен пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің мәдени
өсімдіктерінің генетикалық ресурстарын сақтау мен пайдалану
саласындағы ынтымақтастық туралы
Келісім

Үкіметтер атынан осы Келісімге қатысушы-мемлекеттер, бұдан әрі
Тараптар,
қазіргі және болашақ ұрпақ үшін өсімдіктердің генетикалық әртүрін
сақтаудың маңыздылығын сезіне отырып,

Тараптардың селекциялық бағдарламаларында оларды әрі қарай пайдалану үшін
өсімдік ресурстарының ұлттық жинақтарын толықтыру қажеттігін ескере отырып,
ұлттық жинақтардың өсімдіктер үлгілерін сақтау мен

зерделеудің жаңа тиімді әдістерін әзірлеу қажеттігін назарға ала отырып,
өсімдіктердің генетикалық ресурстарын зерделеу саласында жинақталған
тәжірибені пайдалану үшін ғылыми әлеуетті біріктіру және ауыл шаруашылық
дақылдарының жоғары түсімді жаңа сорттарын алу мақсатында ұлттық

жинақтардан аса перспективалы, жоғары өнімді және тұрақты негізгі материалды бөлу ынтасынан туындап,

төмендегідей туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаты үшін төменде келтірілген терминдердің мынадай мағынасы бар:

өсімдіктердің генофонды - мәдени өсімдіктердің генетикалық әртүрлілігі және олардың жабайы тұқымдастары;

өсімдіктердің генетикалық ресурстары - селекциялық бағдарламаларда пайдалану үшін бағалы гендердің әлеуетті көздері болып табылатын өсімдік материалы;

мәдени өсімдіктер - өсірілетін өсімдіктер;

өсімдіктер генофондының ұлттық жинағы - мемлекет басқаруындағы өсімдіктердің генетикалық ресурстарының жинағы;

ауылшаруашылығы дақылдарының біріккен сорттары мен будандары - шарттар, келісімдер немесе келісім-шарттар шеңберінде бірлескен халықаралық селекциялық бағдарламалар негізінде құрылған сорттары мен будандары;

бірлескен экспедициялар - Тараптардың біреуінің аумағында оның мамандары қатысып өткізілетін өсімдіктердің генетикалық әртүрлі үлгілерін жинау жөніндегі экспедициялар.

2-бап

Тараптар селекциялық бағдарламаларды іске асыру мақсатында мәдени өсімдіктердің генофондын жинау, сақтау зерделеу және пайдалану саласында тең құқықтық өзара пайдалы ғылыми-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асырады.

3-бап

Тараптардың ынтымақтастығының негізгі мақсаттары мен міндеттері мыналар болып табылады:

мәдени өсімдіктер мен олардың жабайы тұқымдастарының генетикалық ресурстарымен өзара тиімді алмасуды жүзеге асыру;

өсімдіктер генофондын зерделеу, тиімді пайдалану мен сақтау әдістерін әзірлеу

жөніндегі бірлескен ғылыми бағдарламаларды жүзеге асыру;

өсімдіктер генофондының ұлттық жинағын өзара толықтыру үшін бірлескен экспедицияларға қатысу;

жеке дақылдар және олардың топтары бойынша бірлескен жинақтар жасау;

болашағы бар сорттар мен ауыл шаруашылығы дақылдарының гибридтерін жасау үшін негізгі материалды алу мақсатында бірлескен экологиялық зерттеулер жүргізу;

СССР-дің бұрынғы республикаларының генетикалық банктерінде бірлесіп жиналған өсімдіктер генофондының үлгілеріне өзара тиімді кіруді қамтамасыз ету;

генофондпен, жұмыстың әдістері және технологиялармен алмасу негізінде өсімдіктердің генетикалық ресурстарының ұлттық банктерін құруға жәрдемдесу;

селекциялық бағдарламаларда өсімдіктердің генетикалық ресурстарын жедел пайдалану үшін ұлттық генофондтар туралы бірлескен компьютерлік мәліметтер базасын құру;

Тараптар арасында өсімдіктердің генетикалық ресурстарымен алмасуды жеңілдету мақсатында Тараптардың заңнамаларын жақындастыру;

шекара арқылы фитосанитарлық бақылауға қойылатын талаптарды ескеріп, генофонд үлгілерінің еркін және бажсыз жүруіне жәрдемдесу;

өсімдіктердің генетикалық ресурстарымен жұмыс істеу үшін кадрларды дайындау және біліктілігін көтеру.

4-бап

Тараптар мәдени өсімдіктердің генетикалық ресурстары жөніндегі өздерінің ұлттық бағдарламалары негізінде маңызды ауыл шаруашылық дақылдарын селекциялау бойынша бірлескен бағдарламаларды әзірлеуді және іске асыруды жүзеге асырады.

5-бап

Тараптар өсімдіктер генофондын жинау және пайдаланудың аса маңызды проблемаларын шешу үшін қажет жағдайда жұмыс топтарын, сондай-ақ бірлескен бағдарламаларды жүзеге асыру барысында алынған өсімдіктерді селекциялау саласында жетістіктерді іске асыру мақсатындағы үкіметтік емес бірлестіктер мен кәсіпорындар құрады.

Тараптар олардың аумақтарында шығарылған және мемлекеттік реестрге ұсынылған ауыл шаруашылық дақылдарының сорттарын және гибридтерін пайдалануға көмек көрсетеді.

6-бап

Тараптар осы Келісімге сәйкес қабылданған міндеттемелерді орындауға байланысты шығыстарды дербес жүргізеді. Бірлескен іс-шараларды қаржыландыру мәселелері әрбір нақты жағдайда қарастырылады және өзара келіскен жағдай негізінде шешіледі.

7-бап

Коммерциялық негізде бірлескен селекциялық бағдарламалар әзірлеген немесе коммерциялық құнды бірлескен қызмет нәтижелерін алған жағдайда, Тараптар оларда өздерінің іскер қатысуларын анықтайды немесе арнайы шарт жасасады.

8-бап

Осы Келісімнің әр қатысушы-мемлекеттеріне өсімдіктердің біріккен сорттары мен гибридтеріне меншік құқық оның аумағында осындай құқы туындағанда Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес алынады және жүзеге асырылады.

9-бап

Тараптар тапсыратын Тарап олар құпиялы деп атаған жағдайда осы Келісімге сәйкес жүргізілетін жұмыстар туралы алынатын ақпараттың және қол жеткізген ғылыми-техникалық нәтижелердің құпиялығын сақтайды. Осындай нәтижелер туралы ақпарат олар тиісті құқықтық қорғалғаннан кейін Тараптардың өзара келісімдері бойынша жариялануы мүмкін. Құпиялылықты

сақтау бойынша міндеттеме тапсыратын Тараппен анықталатын мерзімде күшінде қалады.

10-бап

Тараптар мәдени дақылдардың генетикалық ресурстарын зерделеуге және пайдалануға арналған бірлескен ғалымдардың кездесуін, симпозиумдары мен

конференцияларын өткізеді, сондай-ақ ғылыми және практикалық қызығушылық тудыратын мәселелер туралы арнайы әдебиетпен алмасуды жүзеге асырады.

11-бап

Тараптар ұлттық ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының қатысуымен агроөнеркәсіп кешенінің мәселелері жөнінде Үкіметаралық кеңесті осы Келісімді орындау жөніндегі қызметті үйлестіруді жүзеге асыруды уәкілетті етеді.

12-бап

Осы Келісімді іске асыру Тараптар және олардың құзыретті органдары жасасатын көп жақты және екі жақты келісімдер негізінде, сондай-ақ Тараптардың шаруашылық субъектілері жасасатын шарттар (келісім-шарттар) негізінде жүзеге асырылады.

13-бап

Осы Келісім басқа халықаралық келісімдер бойынша Тараптардың міндеттемелерін қозғамайды және Тараптардың өсімдіктердің генетикалық ресурстарын сақтау және пайдалану саласында мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастық бағдарламаларына қатысуға кедергі жасамайды.

14-бап

Осы Келісім осындай қосылу туралы құжаттарды депозитариға тапсыру арқылы оның мақсаттары мен қағидаттарын бөлісетін, басқа мемлекеттерді қосу үшін ашылған.

Қосылған мемлекеттер үшін Келісім Тараптардың осындай қосылуға келісімі туралы соңғы ескертуді депозитари алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

15-бап

Осы Келісімге Тараптардың жалпы келісімімен өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Өзгерістер мен толықтырулар осы Келісімнің 17-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін жеке хаттамалармен ресімделеді.

16-бап

Осы Келісімді қолдану және талқылауға байланысты даулы мәселелер мүдделі Талаптардың кеңесуі және келісімдер жолымен шешіледі.

17-бап

Осы Келісім оған қол қойған күнінен бастап, ал олардың заңнамалары оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік процедураларды орындауды талап ететін Тараптар үшін, депозитарига тиісті құжаттарды тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

18-бап

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және Тараптар басқа шешімдер қабылдамаған жағдайда автоматты түрде келесі бес жылдық кезеңге ұзартылады.

19-бап

Әр Тарап алты ай бұрын депозитариге осы Келісімнен шығу туралы жазбаша ескерту жіберіп шыға алады.

Минск қаласында 1999 жылғы 4 маусымда бір түпнұсқа данада орыс тілінде жасалды. Түпнұсқа дана Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқару комитетінде сақталады, ол осы Келісімге қол қойған әр мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Әзербайжан Республикасының Молдова Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Армения Республикасының Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының Тәжікстан Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Грузия Үкіметі үшін Түрікменстан Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Қырғызстан Республикасының Украина Үкіметі үшін
Үкіметі үшін

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің мәдени
өсімдіктерінің генетикалық ресурстарын сақтау мен пайдалану
саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге
Әзербайжан Республикасының
Айырықша пікірі

11-баптан басқа.

Әзербайжан Республикасы
Премьер-министрінің бірінші орынбасары

Оқығандар:

Багарова Ж.А.
Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК